

Мемлекеттік монополия субъектісі өткізетін өнімнің бағасын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 18-05/839 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 4 қарашада № 12241 болып тіркелді

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-1-бабы 5-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес мемлекеттік монополия субъектісі өткізетін өнімнің бағалары белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы министрі Қазақстан Республикасының
А. Мамытбеков

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
Е. Досаев

2015 жылғы 7 қазан

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 22 қыркүйектегі

№ 18-05/839 бұйрығына қосымша

Мемлекеттік монополия субъектісі өткізетін өнімнің бағасы

№	Өнімнің атауы	Қосылған құн салығы есепке алынбай, 1-сортты өнімнің 1 (бір) килограмна баға (теңге)
1	2	3
1	Мұздатылған бекіре тұқымдас балық (қортпа, бекіре, шоқыр, пілмай)	1 555,8
2	Салқын ыспен ысталған бекіре тұқымдас балық (қортпа, бекіре, шоқыр, пілмай)	5 290,7
3	Қортпаның уылдырығы	164 181
4	Бекіренің уылдырығы	140 661,5
5	Шоқырдың уылдырығы	56 695,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК